№ 02-34
«24» сәуір 2019 жыл

Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы
Ғ. Қалиевке

«Азаматтардың бастамаларын
қолдау қоры» қоғамдық қорының
төрағасы А. Елшібектен
БСН: 190240001180
Тел.: 8-747-305-60-91

Құрметті Ғанижан Пірмазаұлы!

«Мемлекеттік сатып алу» туралы заң шеңберінде **goszakup.gov.kz** электронды веб-портал арқылы **№ 3264785-1** санды жарияланған әлеуметтік жобалар конкурсының қорытынды хаттамасымен «Азаматтардың бастамаларын қолдау қоры» қоғамдық қоры келіспейді.

Себебі **№ 3264785-1** санды конкурсының комиссия мүшелері «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-1 бабының 5-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және үкіметтік емес ұйымдар көрсететін қызметтердің сапасына, шарттарына, мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ олардың сапасына бағалау өлшемшарттарын белгілейді – деп көрсетілген.

Сондай-ақ, Жалағаш ауданы жастары «Темірқазық» қоғамдық бірлестігін жеңімпазы деп таныған. Алайда, Жалағаш ауданы жастары «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің құжаттары Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығына сәйкес ұсынылмасада, қағиданың 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері бойынша комиссия мүшелері Жалағаш ауданы жастары «Темірқазық» қоғамдық бірлестігіне қызығушылық танытып бағалау кретерийлерін бағалап, заң бұзушылыққа жол берген.

Бұл ретте, **№ 3264785-1** санды конкурсқа қатысушы өзге өнім беруші тараптың құқықтарының бұзылуына жол беріп отыр. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығына сәйкес құжаттар нақты конкурсқа жіберіліп, әділ өтілуі тиіс еді.

Алайда, комиссия құрамы қызмет бабын асыра пайдаланып, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №19 бұйрығын бұзылуына жол беріп отыр.

Осы ретте, «Мемлекеттік сатып алу» туралы заң шеңберінде **goszakup.gov.kz** электронды веб-портал арқылы **№ 3264785-1** санды жарияланған әлеуметтік жобалар конкурсының комиссия құрамы қызмет бабын асыра пайдаланып, әділ шешім шығарылмауына және өзге мердігер мекемелердің құқықтарының бұзылуына байланысты **№ 3264785-1** санды конкурсын қайта жариялануды, сонымен қатар ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 207 бабының 7 тармағына сәйкес Әлеуетті өнім берушіні және ол тартатын, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін ҚР-ның «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тану – лауазымды адамдарға бір жүз (100) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Осыған байланысты Заң нормаларын өрескел бұзып отырған «Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімі» КММ-нің **№ 3264785-1** санды жарияланған әлеуметтік жобалар конкурсының комиссия мүшелеріне тиісті шаралар қолдануыңызды және аталмыш конкурсты қайта жариялануына ықпал етуіңізді сұраймыз

«Азаматтардың бастамаларын қолдау қоры»
қоғамдық қорының төрағасы **электронды қол қойылды** **А. Елшібек**